

ИНТЕРНЕТ САУДА ТИІМДІ МА?

ОРЫНДАҒАН: АБДУВАЛИЕВ Д.


ҚАБЫЛДАҒАН: НҰРСУЛТАНОВА А. М

ЕЛІМІЗДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА НАРЫҒЫ ҚЫЗА ТҮСТІ. САРАПШЫЛАР ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ БҮЛ НАРЫҚТА БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ ЖОҒАРЫ ЕКЕНІН АЙТАДЫ. ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ДЕГЕНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НАРЫҚТЫ АЙНАЛЫП ӨТІП КЕТЕ АЛМАЙМЫЗ. ӨЙТКЕНІ БҮКІЛ ӘЛЕМДЕГІ Е-COMMERCE, ЯҒНИ ЭЛЕКТРОНДЫ САУДАНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ БОЛЫП ТҮР.



ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОНЛАЙН САУДА БҮКІЛ САУДА САЛАСЫНЫҢ 1-1,5 ПАЙЫЗҒА ЖУЫҒЫН ҚҰРАЙДЫ. ДЕГЕНМЕН ЖЫЛ САЙЫН E-COMMERCE 30 ПАЙЫЗҒА ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫН ЕСКЕРСЕК, ЗАМАНАУИ САУДА ТАЯУ ЖЫЛДАРДА ҚАРҚЫН АЛА ТҮСЕТІНІ АҢҒАРЫЛАДЫ. ЕЛІМІЗДЕГІ ОНЛАЙН САУДАНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ SATU.KZ-ТІҢ МӘЛІМЕТІНЕ ҚАРАҒАНДА, ӨТКЕН ЖЫЛЫ МАРКЕТПЛЕЙС АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 20,144 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕНІҢ ТАУАРЫН САТЫП АЛҒАН.

"Кибержұмадағы" өңірлердегі онлайн-сауда көлемі



ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ТИІМДІЛІГІ

- Электронды коммерцияның күннен күнге әлеуеті артып келеді, тіпті оның географиялық шектеуі жоқ. Заманауи қоғам қолма-қол ақша төлеуден кетіп жатыр. Адамдар әмиянда ақша ұстаудың орнына қаражатын интернет қосымшалары арқылы басқарып, бірнеше төлем карточкаларын ғана алып жүреді. Бұл ыңғайлы әрі қауіпсіз. Әлем бойынша электронды төлемдері жасау бойынша АҚШ бірінші орында тұр. Бүгінде тұтынушылар мен қызмет ұсынып отырған кәсіпкерлерге де электронды коммерция саласында мүмкіндік көп. Мәселен, тұтынушы өзіне қажетті затты сапасы мен қаражаты жағынан тез арада тапсырыс бере алады, ал кәсіпкер электронды сауда арқылы әлем нарығына шыға алады. Қазақтан нарығындағы электронды сауданың негізгі артықшылықтарын тізіп көрелік.

БІРІНШІ СЕБЕБІ: УАҚЫТ ҮНЕМДЕУ



- Ай сайын төлеу қажет коммуналдық төлемдерді касса арқылы төлеу уақыт алады. Себебі банк бөлімшесінде кезекте тұру, касса қызметі үшін комиссия төлеу тиімсіз. Енді бірнеше отандық банк ұсынатын мүмкіндіктер арқылы коммуналдық төлемдерді 5 минут ішінде онлайн төлеуге болады. Ол үшін электронды шотыңызға қаражат болуы шарт. Сауда нүктелері мен тауар өндірушілердің барлығында дерлік интернет дүкендері бар. Тіпті жеке кәсіпкерлер, немесе қолдан бұйым жасайтын қыз-келіншектердің өзі әлеуметтік желілерді тауар ұсынатын парақшылары бар. Олардың дамығаны соншалық, жаңа дүкеннің атауын естісек, ол туралы ақпаратты дереу интернет арқылы іздейміз, ресми сайты немесе интернет дүкенін таппсақ, аталмыш фирмаға күмәнмен қараймыз. Басқа қалада тұратын досыңыздың бүгін туған күні, соған сыйлық жасау керек болса, немесе үйіңізге күтпеген жерде қонақ келе жатса, азық-түлік алуға уақытыңыз болмаса, интернет дүкендер немесе қызмет көрсету орталықтарына хабарласып, тапсырыс жасап, онлайн төлем жасауға болады. Жеткізушілер сіз айтқан уақытқа барлығын жеткізіп қояды. Егер заттай алған тауарыңыз көңіліңізден шықпай қалса, немесе киімнің өлшемі тура келмесе 14 күн ішінде қайтаруға болады. Тауар өндіруші электронды жасалған төлем операцияның күнін тексеріп, алған тауар бүлінбеген, чектің болуы жағдайда қаражатыңызды қайтарады.

ЕКІНШІ СЕБЕБІ: КЭШБЕК

-
- Интернет арқылы сауда жасасаңыз электронды шотыңызға қаражат болғаны абзал. Сатып алмақ тауарды таңдап алған соң, оны электронды қаражатыңыздан белгілі соманы бегілеп, оны ұялы телефон нөміріңізге келген хабарламамен растап, демде сатып ала аласыз. Жұмсаған сомаңыз бен электронды төлем жасау бойынша кейбір банктеркэшбэк тағайындаған, яғни белгілі пайыз бойынша шотыңызға бонус түрінде қаражат қайтады. Неғұрлым көп сауда жасасаңыз соғұрлым көп бонус аласыз. Демек, кэшбэк арқылы әр сауда жасау тиімді – карточкадан комиссия ұсталмайды, минусқа кетпейді, есесіне қаражатыңыз толығады.

ҮШІНШІ СЕБЕБІ: І ТЕҢГЕ ДЕ ЕСЕПТЕ



- Салалық дүкендер мен супермаркеттер тауарларға белгілеген бағасы әдетте бүтін мыңдық, жүздік сома болмай, ондық, бірлік қалдықпен жүреді. Мәселен, сәбилерге арналған І реттік жөргектердің бумасы 2219 теңге тұрады делік. Сіз осы соманы төлеу үшін қалтаңызда майда ақшаңыз болуы керек, немесе кассир сізге артылған сома бойынша ұсақ ақшамен қайтарым жасауына дайын болыңыз. Әмияныңыз 5, 2, 1 теңгеліктерге толады, ірі купюраларыңыз майдаланады. Ал төлемді карта арқылы орындағанда І теңге де есептеліп, шотыңыздан қажетті 2219 теңге ғана сызылады.

ТӨРТІНШІ СЕБЕП: ҚАУЫПСЫЗДЫҚ

- Ірі ақшаны әмиянда ұстау – ыңғайсыз, әрі көпшілік жиналатын жерде әмиян түсіп, не ұрланып кетуі тәуекелі бар. Ал карточка жоғалса, оны дереу банкке хабарласып, уақытша бұғаттап қоюға болады. Сіз аңғармай карточка бұрын жоғалса да төлем картасындағы құпия сөздің болуы қаражатыңызды сақтайды. Электронды сауда жасағанда алаяқтық схемалар азайтылады. Егер белгілі бір компанияның шотына қаражат аударсаңыз, ал тапсырыс уақытында орындалмаса, немесе тіпті орындалмаса, сотқа жүгінуге болады. Тексеруші органдар шоттар транзакциялары, операцияларын тексеріп, төлем жүргізілгенін анықтай алады. Банк ұсынған электронды шоттар көлік немесе жылжымайтын мүлік сатып алуда ыңғайлы. Егер сіз үй сатып аламын деп шешсеңіз, қаражатыңызды қолма-қол емес, сатушының (фирма, жеке тұлға) есеп шотына банк арқылы жібергеніңіз дұрыс.

САЛЫҚТЫҚ ЖЕҢІЛДІКТЕР

- Интернет-шопинг енді сатып алушыларға ғана емес, сатушыларға да ыңғайлы болды. Биылдан бастап Қазақстандағы электронды саудаға табыс салығы салынбайды. «Электронды саудамен айналысамын деген салық төлеуші 3 шартты орындауға міндетті: тауар үшін төлем қолма-қол ақшасыз жүргізілуі керек, келісім-шарт онлайн режимде жасалуы шарт. Сонымен қатар кәсіпкерде тауар жеткізілім қызметі болуы керек немесе жеткізілім жасайтын тұлғамен келісім болуы шарт. Сондай-ақ, электронды коммерция кірістері жылдық жиынтық табыстың кем дегенде 90%-ын құрауы керек», – дейді «Атамекен» ҰКП сарапшысы Райхан Иралимова. Осы талаптардың барлығын орындаған кәсіпкерге корпоративті табыс салығын 100%-ға азайту қарастырған. Бұған қоса салық төлеушілерге онлайн-режимде деректерді сақтайтын кассалық аппараттарды қолдану міндетті қызмет түрлері тізіміне енгізілген өзгерістер жайында ақпарат берілді. 2018 жыл 1 қазаннан бастап бұл тізім 10-нан 27-ге көбейтілді. Енді бақылау-кассалық аппараттар автокөлік, қосалқы заттар, текстиль, киім-кешек, зергерлік бұйымдар сатушыларына міндетті.



ИНТЕРНЕТ ДҮКЕНДЕРДІҢ КЕМШІЛІГІ

- Ең басты кемшілігі ретінде тауарды жеткізудің тым ұзақ уақыт алатындығын айтуға болады. Барлық жерде максималды жеткізу мерзімі 45 тәулікке созылады және сол мерзім өтпегенше тапсырыс берушінің шағым айтуға еш құқығы жоқ. Маусым кезінде мәселен, Жаңа жыл мейрамы (себебі бұл мереке әлемдік деңгейде атап өтілетіндіктен) қарсаңында аталған мерзім 60 күнге дейін созылуы мүмкін. Тапсырысты мерзімінен бұрын да алып қалуға болады, бірақ оған қатты сенім артпаған жөн. Тағы бір кемшілік – тауарға қаншалықты зер салып қарағанмен, ойдағыдай болып шықпау мүмкіндігі бар. Бұл әсіресе киімге қатысты. Ұнатқан киімді көзбен көргенде суреттегідей болмай жататын кездер бар. Үшіншіден, айлап күткен тауар жоғалып кетуі де мүмкін. Мұндай жағдайда дүкен ақшаны қайтаратыны немесе тапсырысты қайта жолдайтыны сөзсіз, бірақ қаншама уақыт пен тозған жүйкені кім қайтара?